

Ж.А. Аубакирова^{1*}, С.Б. Жұмағұл¹,

Г.Ы. Серкебаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: zhamila_08@mail.ru

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

Мақалада көрнекті қаламгер Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы әйел кейіпкерлер бейнесінің типологиясы ұлттық болмыс және интермәтін тұрғысынан талданады. Зерттеудің басты мақсаты – автор туындыларындағы әйел образдарының типологиялық ерекшеліктерін анықтап, олардың ұлттық болмысты бейнелеудегі рөлін ашып көрсету.

Әдебиеттегі әйел бейнесі ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы болып саналады. Қазақ прозасында әйел кейіпкерлер арқылы халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын, рухани мұрасын, сондай-ақ заман талабына сай жаңарған ұлттық сананы көрсету – қазіргі әдебиеттануда өзекті бағыттың бірі. С. Шаймерденовтің «Мезгіл», «Қарғаш», «Мәжнүн тал», «Инеш» сияқты көрнекті шығармаларындағы Бибігүл, Қарғаш, Әспет, Инеш бейнелері зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында контент-талдау, интермәтіндік, типологиялық және лингвокогнитивтік талдау әдістері қолданылды. Жазушының ұлттық болмысты суреттеудегі көркемдік тәсілдері, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен рухани әлемі жан-жақты зерделенді.

Сондай-ақ С. Шаймерденов кейіпкерлерінің өзге әдеби туындылардағы ұқсас бейнелермен үндестігі (интермәтіндік байланыстары) қарастырылды. **Нәтижесінде Шаймерденов прозасындағы әйелдер бейнесінің қазақ әдебиетіндегі айрықша типологиялық орны мен олардың ұлттық танымды қалыптастырудағы маңызы анықталды.** Әр кейіпкер белгілі бір ұлттық құндылықтың көркем символы болып танылып, олардың бойындағы аналық мейірім, адалдық, адамгершілік сипаттар ұлттық руханиятпен сабақтастықта екені көрсетілді. Зерттеу қорытындылары қазақ әдебиетіндегі әйел образдарының көркемдік табиғатын тереңірек түсінуге және ұлттық болмыс мәселелерін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Сафуан Шаймерденов, әйелдер бейнесі, типология, ұлттық болмыс, интермәтін, кейіпкер психологиясы, лингвостилистикалық талдау, когнитивтік талдау.

Zh.A. Aubakirova^{1*}, S.B. Zhumagul¹, G.Y. Serkebayeva²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: zhamila_08@mail.ru

Typology of female characters and national identity in the works of Safuan Shaimerdenov

This article examines the typology of female characters in the works of the prominent writer Safuan Shaimerdenov through the lens of national identity and intertextuality. The main objective of the study is to identify the typological features of female images in the author's prose and to reveal their role in representing national identity.

In literature, female figures are considered an essential means of conveying national worldview and spiritual values. In Kazakh prose, the depiction of traditional values, cultural heritage, and the renewal of national consciousness through female characters constitutes one of the most relevant directions in contemporary literary studies. The study focuses on the heroines of Shaimerdenov's major works – Bibigul (Mezgil), Kargash (Kargash), Espet (Majnun Tal), and Inesh (Inesh). The research applies content analysis, intertextual, typological and linguocognitive methods. Special attention is given to the artistic strategies employed by the author in portraying national identity, as well as to the moral character and spiritual dimension of his heroines.

Furthermore, the intertextual parallels between Shaimerdenov's female characters and similar images in other literary works are considered. The findings demonstrate that the female figures in Shaimerde-

nov's prose occupy a distinct typological position in Kazakh literature and play a crucial role in shaping national consciousness. Each heroine functions as a symbolic representation of specific national values; their maternal compassion, fidelity, and ethical qualities are shown to be deeply rooted in the spiritual traditions of the nation. The results contribute to a deeper understanding of the artistic nature of female characters and provide new perspectives on the problem of national identity.

Keywords: Safuan Shaimerdenov, female characters, typology, national identity, intertextuality, character psychology, linguo-stylistic analysis, cognitive analysis.

Ж.А. Аубакирова^{1*}, С.Б. Жумагул¹, Г.І. Серкебаева²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*e-mail: zhamila_08@mail.ru

Типология женских образов и национальная идентичность в творчестве Сафуана Шаймерденова

В статье анализируется типология женских персонажей в произведениях выдающегося писателя Сафуана Шаймерденова с точки зрения национальной идентичности и интертекста. Основная цель исследования – выявить типологические особенности женских образов в творчестве автора и раскрыть их роль в репрезентации национальной идентичности.

Женский образ в литературе рассматривается как важное средство отражения национального мировоззрения и духовных ценностей. В казахской прозе изображение традиционных ценностей, духовного наследия, а также обновлённого национального сознания через женские персонажи является одной из актуальных проблем современного литературоведения. В качестве объекта исследования выбраны героини произведений С. Шаймерденова «Мезгіл», «Қарғаш», «Мәжнүн тал», «Инеш» – Бибигуль, Қарғаш, Эспет и Инеш. В ходе работы использовались методы контент-анализа, интертекстуального, типологического и лингвокогнитивного анализа. Особое внимание уделено художественным приёмам писателя в раскрытии национальной идентичности, а также духовному миру и характеру героинь.

Кроме того, рассмотрены интертекстуальные параллели женских персонажей Шаймерденова с образами из других литературных произведений. В результате установлено, что женские образы в прозе Шаймерденова занимают особое типологическое место в казахской литературе и имеют важное значение для формирования национального сознания. Каждая героиня выступает художественным символом определённых национальных ценностей; их материнская доброта, преданность и нравственные качества связаны с духовной традицией народа. Полученные результаты позволяют глубже понять художественную природу женских образов и по-новому взглянуть на проблему национальной идентичности.

Ключевые слова: Сафуан Шаймерденов, женские образы, типология, национальная идентичность, интертекст, психология персонажа, лингвостилистический анализ, когнитивный анализ.

Кіріспе

Әйел бейнесінің типологиясы және оның ұлттық болмыс көрінісі әдебиеттануда маңызды зерттеу бағыттарының бірі ретінде танылды. Қазақ әдебиетінде әйел тұлғасы тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстің күрделі тоғысы ретінде суреттеліп, ұлттық дүниетаным мен қоғамдағы құндылықтарды бейнелейді. Әсіресе фольклордан бастап классикалық туындыларға дейін әйел табиғатын терең зерделеген көркем образдар көп кездеседі. Әйел образы арқылы қаламгерлер қоғамның жаңғыру кезеңдерін, ұлттық болмыстың қырларын бейнелеп келеді. Мысалы, XX ғасыр басындағы алғашқы қазақ романдары тікелей әйел тағдырына арналды.

Академик М. Әуезов: «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында: «...қазақ әйелінің ба-

сындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды», – деп, әйел халінің түзелуі ұлт өркендеуінің негізгі шарты екенін баса айтады (Әуезов, 1984: 328). Демек, әдебиеттегі әйел бейнесі – ұлттық сана, руханият мәселелерін көтерудің құралы. Бүгінгі таңда әдебиеттануда гендерлік аспектілерді, әйелдердің көркем образын зерттеу өзекті бағытқа айналды. Зерттеушілер әйел кейіпкердің қоғамдағы орнын, психологиясы мен болмыс-бітімін талдап, әдеби мәтіндегі ұлттық құндылықтардың көрінісін анықтауға ұмтылуда (Әбдіғаппарова, 2022: 65).

Осы тұрғыдан алғанда, жазушы Сафуан Шаймерденовтің шығармалары ерекше назар аударуға лайық. Жазушы әйелді тек отбасының мүшесі ретінде ғана емес, ұлттық болмыс пен тарихи жадының символдық ұйытқысы ретінде де

көрсетеді. Өйткені «жазушы Сафуан шығармасында басынан өткені, өмірден түйгенінен аттап өте алмаған. Оның туындыдағы образдары, оқиға иірімдері бәрі де шынайы» (Шаймерденов, 2010: 224).

Сафуан Шаймерденов – қазақ прозасында әйел кейіпкердің жан-жақты бейнесін жасаған көрнекті суреткер. Оның шығармаларында әйелдер образы арқылы қазақ халқының ұлттық болмысы, түрлі тарихи дәуірлердегі әлеуметтік өзгерістер көрініс табады. Жазушының «Мезгіл», «Қарғаш», «Инеш», «Мәжнүн тал» сияқты шығармаларындағы басты әйел кейіпкерлер – Бибігүл, Қарғаш, Инеш, Әспет – әр дәуірдің тынысын, қазақ әйелінің заманауи келбеті мен дәстүрлі қасиеттерінің тоғысын көрсететін типтік бейнелер.

Сафуан Шаймерденовтің аталған төрт шығармасындағы әйелдер бейнесін кешенді түрде талдау – ұлттық болмысты бейнелеудегі ортақ заңдылықтарды және әр кейіпкердің типологиялық ерекшеліктерін айқындауды мақсат етеді. Әйел кейіпкерлер галереясы арқылы 1920-1960 жылдар аралығындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістерін, ұлттық құндылықтар сабақтастығы мен жаңарудың үйлесімін көрсету өзекті зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі бірнеше факторға сүйенеді. Біріншіден, қазіргі қазақ әдебиеттануы үшін ұлттық болмысты көркем бейнелеу тәсілдерін жүйелеу мен типологиясын анықтау маңызды. Екіншіден, Шаймерденовтің шығармалары тұлғалық даралық пен тарихи-мәдени жүктемені біртұтас суреттегендіктен, әйел бейнесінің ұлттық сипатын ғылыми талдау әдеби үдерістің жаңа қабаттарын ашады. Үшіншіден, гендерлік зерттеулер мен мәдени антропология тұрғысынан әйел бейнесі тек әдеби кейіпкер ғана емес, белгілі бір заманның мәдени-әлеуметтік көзқарасын білдіретін артефакт болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалдары ретінде Сафуан Шаймерденовтің «Мезгіл» повесі (Бибігүл бейнесі), «Қарғаш» повесі (Қарғаш бейнесі), «Мәжнүн тал» повесі (Әспет бейнесі), «Инеш» романы (Инеш бейнесі) негізге алынды. Сондай-ақ төмендегідей зерттеу әдістері қолданылды:

- *интермәтіндік талдау әдісі*. Бұл әдіс арқылы Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы әйелдер бейнесінің басқа әдеби мәтіндермен байланысын анықтау жүргізіледі. Интермәтін-

дік элементтерді анықтау барысында жазушы кейіпкерлерінің ұлттық болмысты бейнелеудегі ерекшеліктері, көркемдік тәсілдері мен мәдени кодтар зерттеледі;

- *когнитивтік талдау әдісі*. Сафуан Шаймерденов кейіпкерлерінің дүниетанымдық және әлеуметтік рөлі ұлттық болмысты бейнелеудегі когнитивтік элементтер арқылы зерттеледі. Кейіпкерлердің әрекеті, сөйлеу мәнері, мәдени-әлеуметтік контексттегі рөлі когнитивтік тәсіл негізінде сараланады;

- *лингвостилистикалық әдіс*. Шаймерденов шығармаларындағы әйелдер бейнесін сипаттау үшін қолданылған тілдік құралдар, стилистикалық тәсілдер мен сөз саптаулар зерттеледі;

- *психолингвистикалық әдіс*. Кейіпкерлердің мінез-құлқын, ішкі жан-дүниесін және олардың ұлттық болмысты жеткізудегі рөлін психолингвистикалық тұрғыда қарастыруға бағытталған.

Бұл зерттеу әдістері автордың шығармаларын заманауи ғылыми тұрғыда терең талдап, қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың бейнеленуін интермәтіндік деңгейде ашуға септігін тигізеді.

Әдебиеттерге шолу

Жазушының туындыларына қатысты М. Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Р. Бердібай, Х. Ерғалиев, М. Базарбаев, Н. Оразалин, Ә. Тарази, Қ. Жұмаділов, С. Әшімбаев, Қ. Ерғобек сынды зерттеушілер мен қаламгерлердің мақалалары мен пікірлері бар. Сондай-ақ Г. Нұрекешованың «С. Шаймерденов повестерінің көркемдік сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жазушы шығармашылығын зерттеуге бағытталды.

Дегенмен жазушы тілін, стилистикасын қазіргі ғылыми аспектілерде зерттеу еңбектері жоқ десек те болады. Осы орайда, жазушының әдеби мұрасына жаңаша көзқараспен қарау, шығармаларын заманауи зерттеу әдістерімен талдап, оның ұлттық болмыс пен әдебиеттегі орнын анықтау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Айталық, көркем сөз шебері, ғалым М. Әуезов былай дейді: «С. Шаймерденов – тек прозалық туындыларымен шектелмей, драма жанрына да белсенді үлес қосып келе жатқан қаламгер. Жазушының әр жылдары жарық көрген лирикалық, драмалық және комедиялық пьесаларының республикалық және облыстық театрлар сахналарынан тұрақты орын алуы – оның шығар-

машылығының көркемдік қуаты мен оқырман-көрермен назарын өзіне аударудағы әлеуетін айғақтайды» (Әуезов, 1969: 80).

Демек, жазушының жанрлық ауқымының кеңдігі мен көркемдік ізденісінің тереңдігі оның драматургия саласында да сәтті туындылар беріп келе жатқанын дәлелдейді. Мұндай өнердің өміршендігі, ең алдымен, С. Шаймерденовтің кейіпкерлерді сомдау шеберлігімен және олардың ой-толғаныс, іс-әрекеттерін біртұтас көркемдік желіге тоғыстыра алуымен байланысты. Театр репертуарына енген пьесалардың тұрақты қойылуы – қаламгердің кез келген туындысы театр тіліне жеңіл аударылатын, сахналық әрекетке лайықты драмалық құрылыммен ерекшеленетінін көрсетеді. Сондықтан да оның шығармалары көркемдік сапасы ғана емес, адамгершілік-эстетикалық құндылығы арқылы да қазақ мәдени кеңістігінде өзіндік орын алады.

Әдебиеттегі прозалық және драмалық дәстүрлерді қатар дамытқан С. Шаймерденов осылайша XX ғасырдағы қазақ сөз өнерінің жанрлық аясын кеңейте түскен қаламгерлер шоғырының алдыңғы қатарынан көрінеді. Оның дара стильдік ерекшелігі мен тіл байлығы қазақ әдебиеті мен театр өнерінің өзара сабақтас өрбуіне елеулі үлес қосып келе жатқаны даусыз.

С. Шаймерденовтың жазушылық шеберлігіне С. Мұқанов: «С. Шаймерденовтің повестері мен әңгімелерін тек ерекше лиризмділігімен ғана емес, сонымен қатар айрықша көркемдікке толы, шебер тілімен де дараланады», – деп баға береді («Ұмытпаңдар мені»).

Идеялық және шығармашылық ізденістердің болашақта толық жүзеге асатынына сенім білдіре отырып Ф. Мұстафин: «С. Шаймерденов қазақ әдебиетіне кенеттен, бірақ нық қадаммен келіп, өз орнын бірден тапқанын ерекше атап өте отырып, оның тек жай ғана қосылған жоқ, өзіндік идеясы мен мұраты бар қаламгер ретінде танылды», – дейді («Ұмытпаңдар мені»).

Расында да, С. Шаймерденов туындыларының лиризмге бай болуы, шынайы көркемдік қуаты және қалыптасқан өзіндік идеялық бағыт-бағдары оның қазақ әдебиетіндегі орнын айқындап қана қоймай, қазақ әдебиетінің жаңа үлгісін танытады. Осылайша, Ф. Мұстафин атап көрсеткен «түтқиылдан еркін басып келу» мен «өзіндік арман-мұраттың» болашақта жүзеге асатынына деген сенім – қаламгер шығармаларының әрі қарай да өзектілігін жоймайтынының кепілі деуге негіз бар.

Сыншы С. Әшімбаевтің пайымдауынша, қазіргі әдебиеттен адамның ішкі психологиясын диалектикалық қайшылықтарымен бірге ашудың тың тәсілдері мен жаңа формаларын іздеу – кез келген жазушы үшін негізгі міндет. Бұрынғыдай «мынау – жақсы, мынау – жаман, мынадан үйрен, анадан жирен» деген сыңайдағы тікелей бағалау қазіргі эстетикалық талғамды қанағаттандырмайды. Сондықтан кейіпкерлерді «жағымды» және «жағымсыз» деп бөлудің өзі әдебиеттің балауса кезеңіне тән, ескірген әдіс ретінде қабылданады. Осыған орай, көркем туындыны психологиялық астармен, түспалдай отырып немесе философиялық символизм арқылы жазу – интеллекті жоғары қаламгерлердің заңды ұстанымы деген көзқарас білдіріледі (Әшімбаев, 1993: 403).

Осы көзқарастарды негізге ала отырып, С. Шаймерденов шығармашылығы мен авторлық шеберлігі, стилі, шығармашылық ұстанымы жөнінде мынандай тұжырым жасауға болады: Біріншіден, жазушы шығармашылығында кейіпкер болмысын тереңдеп көрсетуге ұмтылыс, ішкі жан дүниесінің өсу жолын ашу, адамгершілік пен рухани құндылықтарды сан түрлі қырынан талдау – барлығы да жаңа тәсілдер мен формаларға негізделі отырып жүзеге асатыны байқалады. С. Шаймерденов шығармаларына тән философиялық сипаты мен психологизм элементтері кейіпкерді біржақты «жақсы» не «жаман» деп бағалаудан гөрі, оны көпқырлы, қайшылықты тұлға ретінде танып-білуге бағытталады.

Екіншіден, жазушы әр шығармасына жаңаша көркемдік шешім тауып, әртүрлі жанрлық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өзіндік мәнерін дамытып отырғанын байқаймыз. Бұл, бір жағынан, оның шығармашылық ізденісін үнемі жаңа арнада жалғастыруға деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл да негізсіз емес.

Айталық, жазушы Әкім Тарази былай дейді: «Сафуан Шаймерденовтың шығармашылығында ұнамды қасиет – оның әрдайым өзіндік жаңашылдығы мен қайталанбастығы. Жазушының көркем шығармашылыққа, шеберлікке деген жоғары талабы мен талғамы әлі де біразымыз үшін үлгі боларлық деңгейде. Әдебиеттің басты мақсаты – адамтану деген қағиданы басшылыққа ала отырып, ол адам өмірін әр қырынан зерттеп, терең талдауға баса назар аударады. Оның ой-өрісін мазалап, толғандыратын негізгі мәселе – адам тағдыры» (Тарази, 1982: 17).

С. Шаймерденовтың шығармашылығы турасындағы бұл пікірлердің бүгінгі ғылымдағы құндылығы жоғары. Сондай-ақ бұдан кейінгі зерттеулердің іргетасы, негізгі идеясы болары анық.

Нәтижелер мен талқылау

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы әйелдер бейнесі қазақ халқының ұлттық болмысының көркем айнасы ретінде ерекше орын алады. Жазушының кейіпкерлері – ана, жар, қыз және қоғам қайраткері ролінде көрініс табатын әйелдер – ұлттық дүниетанымның әртүрлі қырларын бейнелейді. Әсіресе әйелдер бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы рухани құндылықтар мен әлеуметтік нормалар айқындалады.

Сафуан Шаймерденовтің «Инеш» романындағы Инеш – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, сол құндылықтарды сақтап, жалғастырушы қазақ қызының жинақталған бейнесі. Оның интеллектуалды қабілеті, ғылымға деген құштарлығы мен өмірге деген көзқарасы сол кезеңдегі әйелдерге тән күрделі болмысты бейнелейді.

Интермәтін тұрғысынан алғанда, Инеш образы қазақ әдебиетіндегі классикалық кейіпкерлермен сабақтастықты сақтайды. Мысалы, оның ішкі жан дүниесіндегі ізденіс пен парасаттылық қазақ әдебиетіндегі адамгершілік идеяларымен үндеседі. Сонымен қатар, оның Мәуленмен қарым-қатынасындағы нәзіктік пен рухани қайшылықтар ұлттық поэзиядағы махаббат лирикасының көркемдік дәстүрін жаңғыртады.

Инеш бейнесі жөнінде Ж. Ақпанбетов мынандай пікір білдіреді: «Бұл шығармада елуінші жылдардағы қазақ жастарының жаңа мінез-құлықты меңгерген типтік өкілі ретінде Инеш бейнесі сомдалды. Оның табиғилығы мен рухани тазалығы оқырманның есінде терең із қалдырады» (Ақпанбетов, 1980: 22). Яғни Инештің қоғамдағы орны мен ролі ұлттық болмыс ұғымының көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. Романда ол тек интеллектуалдық тұрғыдан ғана емес, моральдық ұстанымдары мен адамгершілік қасиеттері арқылы да ерекшеленеді. Оның білімге деген ұмтылысы мен жеке сезімдерін құрбан етуге дейін баруы ұлттық санадағы әйел рөлінің өзгерісін көрсетеді. Инеш – ұлттық дәстүрді бойына сіңірген, бірақ заманауи ғылым мен прогреске ұмтылатын жаңа дәуірдің кейіпкері.

Романдағы Инештің драмалық тағдыры оның ұлттық болмыс пен жеке тандау арасын-

дағы қақтығысын бейнелейді. Бұл конфликт интермәтіндік талдаудың маңызды аспектісі болып табылады, себебі ол Инештің образы арқылы ұлттық әдебиеттегі әйел бейнесінің эволюциясын ашады (Bekpenbetova, 2024: 230). Сафуан Шаймерденов Инештің тұлғасын сомдай отырып, ұлттық құндылықтар мен жеке бостандық, дәстүр мен прогресс арасындағы тепе-теңдікті іздеген әйел бейнесін жасаған.

Сонымен қатар Инештің ғылым жолында шеттетіліп, шалғай ауылға жіберілуі ұлттық ғылым мен мәдениетке жасалған қиянатты бейнелейді. Бұл эпизод сол кездегі саяси-идеологиялық қысымның ұлттық интеллигенция тағдырына әсерін көрсетеді. Шығарманың соңында Инештің тағдыры оның тұлғалық қасиеттерін ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмыстың тарихи және мәдени аспектілерін де ашады.

«Инеш» роман болған соң, ондағы Инештің бейнесі ұлттық болмыс тұрғысынан терең ашылады. Автор шығармадағы барлық образдарды Инеш арқылы танытып отырады. Сондай-ақ, кейіпкерлердің мінез-құлқына бір-бірі арқылы баға береді.

Жазушы «Инеш» романы жөнінде өз замандастырынан да, кейінгі зерттеуші, сыншы ғалымдардан да оң бағасын алды. Айталық, Қ. Жұмаділов «Инеш» романының да, кейінгі жылдары жазылған повесть, әңгімелерінің барлығы да уақытша айғай-ұраннан тыс, кез келген дәуірде оқылуға лайық туындылар екендігін айтады (Жұмаділов, 1992: 17).

Тағы да айталық, С. Шаймерденовтың көпке танымал шығармаларының бірі – «Мезгіл» повесі. Мұндағы негізгі бейне – «Ана» бейнесі. Шығармада өгей шеше тақырыбы стереотиптен тыс ұсынылған. Бибігүл ана баланы өзінікіндей қабылдайды, ал өгей ана туралы қоғамдағы дәстүрлі түсінікке қарсы шығып, шынайы мейірімді ананың бейнесін көрсетеді. Бұл қазақ әйеліне тән даналық пен жүрек жылуын дәріптейді.

Әйелдің қоғамдағы ролі туралы да сыни талдау жасауға болады. Бибігүл тек отбасының қамқоршысы ғана емес, сонымен қатар қиындықтарға қарсы тұра алатын, отбасын сақтап қалу жолында күресе алатын қайраткер тұлға ретінде суреттеледі.

Автор өзінің бұл повесті жазудағы мақсаты туралы былай деп түсіндіреді: «1962 жылы ауылда, інілерімнің қолында тұратын ардақты анам өмірден өтті. Бұл мен үшін өте ауыр қайғы болды, себебі ес білгелі көрген алғашқы өлім еді. Жан дүниемде үлкен мұң пайда болып, өзім-

ді әлсіз әрі еңсесі түскен күйде сезіндім. Бірде көңіл айта келген қариялардың бірі: «Өгей шеше деген аты болмаса, ол жарықтық туған анаңнан еш кем емес еді ғой, балам», – деп қалды. Шынымды айтсам, дәл сол сәтте ғана оның өгей екені есіме түсті. «Өгей еді ғой» деп ойлап, қиынқыстау, мұқтаждықта өткен балалық шағым көз жүгірттім. Бірақ, қанша еске алсам да, оның нұрлы жүзі, аялы алақаны мен шексіз мейірімінен басқа ештеңе көз алдыма келген жоқ. Осы ойларым оны менің көзімде одан әрі биіктете түсті. Сол кезде мен: «Ежелгі ауыз әдебиетінен бастап, бүгінгі әдеби шығармаларға дейін, өгей шешелер жайлы сөз қозғалса, олар тек жағымсыз сипатта бейнеленеді. Ал өз баласындай қамқорлық танытқан сансыз өгей аналардың кінәсі неде?» – деп ойладым. Жазсам, өз туған анамдай мейірімді, ардақты болған өгей ананың тағдырын жазсам деген арман пайда болды.

Сөйтіп, менің шығармашылық ізденістерімде екі тақырып – баланың анасына деген махаббаты мен өгей ананың өгей балаға деген сүйіспеншілігі бір арнада тоғысып, бір кітаптың екі бетіне айналды.

Мен аналарынан теріс айналған адамдарға «шын азамат дегеніміз, міне, осындай болуы керек» деген үлгі беру мақсатында бір жағымды кейіпкер бейнесін жасағым келді. «Мезгіл» повесінің идеясы осылай туындады» (Шаймерденов, 1999: 176).

Ал осы повесіндегі өгей ана арқылы жазушы әйел жанының асқақтығын көрсетеді. Повестегі Бибігүл бейнесі басқа әдебиеттегі «ана» бейнелерінің символдық жалғасы ретінде беріледі. Оның мінезі мен әрекеті қазақ әдебиетінде жиі кездесетін аналық мейірім, қамқорлық, қайсарлық сипаттарымен үндес. Сонымен қатар, өгей ананың мейірімін бейнелеуі эпикалық жырлар мен дәстүрлі прозадағы аналық махаббатты жаңа қырынан ашуға бағытталған.

Т. Бекниязов бұл турасында мынандай пікір білдіреді: «Кейіпкердің моральдық сипаты мен рухани болмысы әрдайым әдебиет пен өнердің негізгі назарында болған. Адам образы күрделі әрі көп қырлы табиғатымен көрініс тауып, оның жеке тұлғасы жан-жақты ашылуда. Оның іс-әрекеті, қоғамдық және жеке өмірі шынайы түр-

ғыдан бейнеленіп, нағыз азаматтық қасиеттері айқындалуда.

Бұл үрдіс кейіпкер бейнесінің әдебиеттегі көркемдік рөлін ғана емес, сонымен қатар оның этикалық-эстетикалық мәні мен адамгершілік табиғатын айқындай түседі. Сонымен бірге, бұл ерекшелік жазушылардың шығармашылық шеберлігімен сомдалған, шынайы әрі тартымды характерлер мен жанды образдардың қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай кейіпкерлердің пайда болуы әдебиеттегі көркемдік пен рухани мазмұнның үйлесімділігін көрсететін маңызды құбылыс екені анық» (Бекниязов, 1997: 4).

С. Шаймерденов прозасының көркемдік өлемін зерттей келе Г. Нүрекешова: «Көркем шығарманың өмір шындығының тура көшірмесі емес, қайта сол өмірлік шындықтың типтік сипатқа түскен концептуалдық көрінісі екенін айтады. Яғни, көркем мәтіндегі таныс және бейтаныс характерлер – жазушының өмірдегі жұмбақ жағдайлар мен құбылыстарға берген жауабы. Сондай-ақ, көркем туынды автордың көрген-білген, естіген-жиған, оқыған-тоқыған материалдарының жай ғана жинағы емес, өмір туралы философиялық ой-тұжырымын бейнелейтін концепция болуы қажет», – дейді (Нүрекешова, 2014: 138).

Яғни С. Шаймерденовтың шығармаларындағы әйел кейіпкерлердің бойында ұлттық құндылықтардың деңгейі анық көрінеді. Мәселен, Инештің отбасы құру сынды қалауы басқа құндылықтардан жоғары тұрғандығы анық көрінеді. Ал, «Мезгіл» повесіндегі Бибігүл бейнесі өгей болғанымен, ол үшін де отбасы, бала құндылығы жоғары. Мұндай тізбек С. Шаймерденов шығармаларындағы авторлық ұстанымды айқындайды.

Демек С. Шаймерденов шығармаларында сомдалған әйел кейіпкерлері қазақ қоғамының 1920-1960 жылдар аралығындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерін көрсететін күрделі, көпқырлы бейнелер саналады. Олар ұлттық болмыстың өзіндік белгілерін сақтай отырып, заман талабына сай жаңғыруымен ерекшеленеді. Әр повестегі әйел образы әдеби интермәтіндік ұқсастықтар мен сипаттамаларды бойына жинақтап, қазақ әдебиетіндегі шынайы көркемдік деңгейге көтеріледі (1-кесте).

1-кесте – С. Шаймерденов шығармаларындағы кейіпкерлердің ұлттық болмыс пен интермәтіндік сипат

№	Кейіпкер	Хронология	Ұлттық болмыс	Интермәтіндік сипат
1	«Мезгіл» повесі: Бибігүл	1920 жылдар	1920 жылдар қазақ қоғамы үшін ауқымды саяси-әлеуметтік өзгерістер кезеңі болғаны белгілі. «Мезгіл» повесіндегі Бибігүл бейнесі – айналасындағыларға жан-тәнімен көмектесетін мейірімді, қамқор әйел. Ол төңкеріс жылдарынан кейінгі күрделі шақта өзгелерге рухани да, материалдық та тұрғыдан тірек болуға ұмтылады. Бибігүлдің осы қасиеті – дәстүрлі қазақ қоғамындағы бауырмалдық пен өзгені қолдау сияқты ұлттық болмысты айқын танытады.	Бибігүлдің өзіндік ұмтылыстары мен қайраткерлігі сол замандағы қазақ әйелінің тарихи рөліне арналған өзге де әдеби шығармалармен (мысалы, С. Сейфуллин, Б. Майлин повестеріндегі алғашқы кеңестік кезең әйелдері) тақырыптық жақындық танытады. Повестегі әлеуметтік-тарихи негіз бен дәстүрлік танымның үндесуі – кейіпкер болмысына шынайылық беріп, көркемдік әсерді күшейтеді.
2	«Қарғаш» повесі: Қарғаш	1940 жылдар	«Қарғаш» повесінде соғыс жылдары мен одан кейінгі кезеңдегі қазақ ауылының өмірі суреттеледі. Қарғаш – сыртқы болмысындағы паңдық пен тағдырындағы тосын оқиғаларымен ерекшеленетін кейіпкер. Оның намысқойлығы, өзіндік ішкі тәуелсіздікке ұмтылысы – қазақ әйеліне тән күрескерлік пен рухани беріктікті көрсетеді.	«Қарғаш» бейнесінде психологизмге, ішкі толғанысқа көбірек мән берілетіні байқалады. Мұндай көркемдік әдіс орыс әдебиетіндегі (И. Тургенев) және әлемдік классикадағы нәзік, аңсау мен сағынышқа толы кейіпкерлерді еске түсіреді. Бұл автордың тың көркемдік құралдарды игеріп, қазақ ауылына тән образдар жүйесін жаңаша сомдағанын дәлелдейді. Соның арқасында Қарғаш – әрі ұлттық бояуы қанық, әрі жалпы адамзаттық сезім-толғаныстарға ортақ бейне ретінде көрінеді.
3	«Мәжнүн тал» повесі: Әспет	1960 жылдар	«Мәжнүн тал» 1960 жылдардағы ауыл өміріне арналған. Әспет – алғыр, білімге құштар, терең ойлы қазақ қызы ретінде көрініп, ауыл мен қала арасындағы рухани көпір ролін атқарады. Оның ой-өрісінің кендігі мен әлеуметтік белсенділігі – қазақ әйелінің жаңа замандағы өзін-өзі тану және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру жолындағы көрінісі.	Әспет бейнесіндегі интеллектуалдық басымдық пен өзіндік мінез кейбір еуропалық немесе орыс әдебиетіндегі интеллектуал әйелдер сұлдесін еске түсіруі мүмкін. Бұл ретте автордың кейіпкер сомдау барысында оқыған-тоқығанын (шығармашылық оқу, меңгеру) батыл қолдана отырып, ұлттық сипаттағы дара образ жасап шығара алғаны байқалады. Нәзік лиризм, сезімдік иірімдер де бұған дейінгі «Қарғаш», «Инеш» желісіндегі ұлттық әйелдер бейнелеріне ұқсас поэтикалық атмосфераға ұласады.

Кестеде талданған «Мезгіл», «Қарғаш», «Мәжнүн тал» сияқты повестердегі кейіпкерлердің ұлттық болмысы эстетика мен лиризмнің ықпалымен терең ашылады. Жазушы туындыларындағы жылы лиризм қазақ әйелінің мінез-құлқы мен рухани әлемін нәзік суреттеп, ұлттық құндылықтарды көркем жеткізуге мүмкіндік береді. Жазушының туындыларындағы эстетикалық ұстаным мен лиризм ұлттық болмысты заманауи контекстте жеткізумен қатар, интермәтіндік байланыстар арқылы оны кең ауқымды әдеби-мәдени диалогтың бір бөлігіне айналдырады.

Яғни ұлттық болмысты көркем туындыда жеткізудің маңызды құралдарының бірі – эсте-

тика мен лиризм. С. Шаймерденов шығармашылығы бұл тұрғыда ерекше назар аударуға лайық. Жазушы шығармаларының эстетикалық деңгейі мен көркемдік сипаты жөнінде сөз болғанда, С. Шаймерденовтің суреткерлік болмысына тән ерекше сипаттардың біразын академик З. Қабдолов атап көрсеткен. Мәселен, ол:

Жазушы мәдениетіне тоқталып, көркем туындының құндылығы мен оқырманын баурайтын күші эстетикалық сипатында жататынын айтады. Эстетика – әдемілік жайлы ғылым, ал әдебиеттің басты қасиеті сұлулықты дәріптеу болуы тиіс. Яғни шығарма дәрекілікке емес, көркемдікке негізделуі керек. Сол себепті жас оқырманды қызықтыруды сылтау етіп, өнерді

порнографияға айналдырып жүрген адамдарға қарама-қарсы, Сафуан әрдайым адам болмысының асылдығы мен жан сұлулығын суреттеуге ұмтылады. Мұның өзі оның мәдениетті жазушы екенін дәлелдейді.

Жылы лиризмнің жазушы шығармаларының басты ерекшелігі екені атап көрсетіледі. Кез келген повесі мен әңгімесінде күн нұрындай жұмсақ та нәзік лиризм толқып, төгіледі. Бұл – С. Шаймерденовтің сыршылдықты терең сезінетін суреткер екенін танытады. Жазушы парасаты да оның шығармаларынан аңғарылады.

Интеллект – көркем әдебиетке ауадай қажет қасиет болса, С. Шаймерденов туындыларында парасаттылық пен ішкі тереңдік айрықша орын алған (Қабдолов, 2002: 340).

Қорытынды

Қорыта келгенде, С. Шаймерденовтің «Мезгіл», «Қарғаш», «Инеш», «Мәжнүн тал» шығармаларындағы әйел образы хронологиялық тұрғыдан алғанда қазақ қоғамының 1920–1960 жылдар аралығындағы өзгерістерін кешенді сипаттайды. Бибігүл, Қарғаш, Инеш, Әспет бейнелері – әр онжылдықтағы әлеуметтік-мәдени

ахуалға сай қалыптасқан ұлттық болмыс пен жаңа заман талаптарының тоғысындағы көпқырлы кейіпкерлер.

Көркемдік байланыстар осы образдардың қазақ әдебиеті аясынан шығып, кеңірек мәдени-әдеби кеңістіктегі классикалық туындылармен үндестік табатынын көрсетеді. Бұл – бір жағынан, әдеби даму үрдісіндегі шығармашылық ықпалдастықтың көрінісі болса, екінші жағынан, қазақ қаламгерлерінің ұлттық топырақтан өсіп шыққан бейнелерді жаһандық контекстте жаңаша таныта алу мүмкіндігін айқындайды.

Төрт шығармадағы төрт әйелдің типологиялық ерекшеліктері – мінез бен өмірлік ұстанымдарының біртұтас эволюциясы түрінде ұсынылады. Олар өзіндік болмыстарымен жарты ғасыр ішінде қазақ әйелінің жасампаз, қайсар, интеллектуалдық жағынан кемелденген бейнесін жанжақты ашады. Бұл кейіпкерлердің ортақ сипаты – ұлттық рухани тамырдан ажырамай, уақыт ағымына ілесе білу және қоғамдық өзгерістерге бейімделу. Осылайша, ұлттық болмыстың сабақтастығы мен заман сұраныстарына жауап беру қасиеттері С. Шаймерденов прозасының көркемдік қуатын айғақтап, әдебиеттегі әйел бейнесін жаңа сапалық деңгейге көтереді.

References

- Abdigapparova, Zh. (2022). XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі genderлік маселелер [Gender Issues in Early 20th Century Kazakh Literature]. *Yasawi University Bulletin*, Vol. 4 (126), P. 64-72. Turkistan. (in Kazakh).
- Aqpanbetov, Zh. (1980). Talant tabigaty [The Nature of Talent]. *Qazaq adebiyeti [Kazakh literature]*. Vol. 22, 5-7. (in Kazakh)
- Ashimbaev, S. (1993). Shyndyqqa suispenshilik [Love for Truth]. *Almaty*. (in Kazakh)
- Auezov, M. (1969). Kazirgi roman zhane onyn geroiy [The Modern Novel and Its Hero]. *Shygarmalar: On eki tomдық [Collected Works: 12 volumes]*. Vol. 12. *Almaty*. (in Kazakh)
- Auezov, M. (1984). Shygarmalar: zhiyrma tomдық [Collected Works: 20 volumes]. Vol. 15. *Almaty*. (in Kazakh).
- Bekniyazov, T. (1997). Keyipkerdin adamgershilik problemasy: Oku kuraly [The Character's Moral Problem: A Study Guide]. *Almaty*. (in Kazakh)
- Bekpenbetova, S., Kulnazarova, G., Sartayeva, K., Sartayeva, Z., Seyitova, B. (2024). Philology Students' Perceptions of Ethno-cultural Empathy and Intertextual Literary Heroes as Role Models. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, Vol. 11(4), P. 228-252. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2302>
- Jumadilov, Q. (1992). Jazushy minezi [The Writer's Character]. *Qazaq adebiyeti [Kazakh literature]*. Vol. 17, 20-21. (in Kazakh)
- Nurekeshova, G.R. (2014). S. Shaimerdenov prozasyndagy korkem tartystyn qurylymdyq erekshelekteri [Structural Features of Artistic Conflict in S. Shaimerdenov's Prose]. *KazNPU Bulletin. Philological Series*, Vol. 3 (49), P. 135-139. (in Kazakh)
- Qabdolov, Z. (2002). Ustaz, galym, jazushy [Teacher, Scholar, Writer]. *Almaty*. (in Kazakh)
- Shaimerdenov, S. (1999). Tandamaly shygharmalar: Tort tomдық [Selected Works: Four Volumes]. Vol. 3. *Almaty*. (in Kazakh)
- Shaimerdenov, S. (2010). Safuan Shaimerdenov shygharmalarindagy obraz, minez zhane Tabigat ("Mezgil" hikaiasy mysalynda) [Image, Character and Nature in Safuan Shaimerdenov's Works (On The Example Of The Story "Mezgil")]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*. Vol. 6 (130), P. 223-226. (in Kazakh)
- Tarazi, A. (1982). Sergek suretker [Attentive Artist]. *Qazaq adebiyeti [Kazakh literature]*. Vol 17, P. 17-18. (in Kazakh)
- Umytpandar meni. [Don't forget me]. (2018). Қазақ әдебиеті. [Kazakh literature]. [Electronic Resource]. URL: <https://qazaqadebiyeti.kz/18190/mytpa-dar-meni>. (Date of use: 01.01.2025). (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Аубакирова Жамила – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ., e-mail: zhamila_08@mail.ru);

Жұмагүл Сағымбай – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (Қазақстан, Астана қ., e-mail: sagymbai.zuhmagul@mail.ru);

Серкебаева Гаухар Ысқақбекқызы – PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, «Абайтану» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: gauhar.110178@mail.ru).

Information about authors:

Aubakirova Zhamila – PhD student, L.N. Gumilev ENU (Kazakhstan, Astana, e-mail: zhamila_08@mail.ru);

Zhumagul Sagymbay – Doctor of Philology, L.N. Gumilev ENU (Kazakhstan, Astana, e-mail: sagymbai.zuhmagul@mail.ru);

Serkebayeva Gaukhar Yskakbekkyzy – PhD, a senior researcher at the “Abai Studies” Scientific Center of M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan, Shymkent, e-mail: gauhar.110178@mail.ru).

Сведения об авторах:

Аубакирова Жамила – PhD докторант, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: zhamila_08@mail.ru);

Жұмагүл Сағымбай – доктор филологических наук, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: sagymbai.zuhmagul@mail.ru);

Серкебаева Гаухар Ысқақбекқызы – PhD, старший научный сотрудник научного центра «Абаеведение» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова (Шымкент, Казахстан, e-mail: gauhar.110178@mail.ru).

Келіп түсті: 23 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 26 қыркүйек 2025 жыл